

АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№43(53) 25 қазан 2024 жыл

25-қазан – Республикасы күні

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Сіздерді Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматы үшін айтулы мереке-Республика күнімен құттықтаймын!

Бүгінде араға біраз жылдар салып «25 қазан – Республика күні» ұлттық мереке ретінде бекітілді. Бұл күн – ата-бабамыздың арманы жүзеге асып, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Республика күні-халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке.

Алдыңғы буын аға-әпкелеріміздің егеменді ел болуға ұмтылған ерен ерліктері бүгінгі күні егеменді ел жастарының жарқын істерімен, жалынды бастамаларымен өз жалғасын табуда. Республика күнінің қазіргі өскелең ұрпақ үшін маңызы жоғары.

Қазіргі шақта Жаңа, Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды қадамдары жасалуда. Еліміздің құрылымдық жүйесінде, саяси-экономикалық бағытында жаңғыртулар қолға алынды. Халық жаңа қоғам қалыптастыруға деген бастамаларға қолдау білдірді. Демократиялық үрдістерді орнықтыруға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға

бағытталған бұл өзгерістердің біздер үшін де маңызы зор болмақ.

Мемлекет басшысының «Біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес. Сондықтан, маған еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ», деген сөзі әрқайсымыздың жадымызда жатталып тұр.

Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Барша қазақстандықтар белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Себебі мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да – азаматтар!

Біз-байрағын биік ұстаған бабалардың ұрпағымыз. Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Бағдарымыз айқын, мақсатымыз ортақ. Біз тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, мемлекеттігімізді нығайта береміз. Өйткені Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір. Ендеше Әділетті Қазақстанды бірге құрайық! Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! Еліміздің егемендігі баянды болсын! Еліміздің мәртебесі тек жоғарылап, биікке шарықтай беруіне тілектеспін!

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.

Аудандық ардагерлер ұйымдарында

КҮН ТӘРТІБІНДЕ-МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазіргі күндері Алматы облысының барлық аудандарында Ардагерлер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігінің аудандық филиалдарында жиналыс өтіп, онда негізінен «Алатау жастары» ұйымының жұмыстары туралы, аудандарда «Асыл ана» қоғамдық бірлестігін құру, «Алатау ардагері» гезетін халық арасында кеңінен насихаттап, баспасөзге жазылу жұмысын ұйымдастыру мәселелері қаралуда.

Сондай жиналыстың бірі Іле ауданында өтті. Оған Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е. Тұрымбетов, Іле ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә. Исаев, бастауыш ардагерлер ұйымы-

аналар мәселесімен айналысатын басқа да ұйымдар бар. Аналардың мұң-мұқтажын қорғайтын бұл ұйымдардың көпшілігі әлеуметтік желілерде есеп беру үшін құрылып, мемлекеттен бөлінген қара-

дағы ойымен бөлісті. Сөз кезегін алған Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ә. Исаев жиын барысында көтерілген мәселелер бойынша бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары мен Алатау жастарына алдағы жоспарлы жұмыстарды бірлесе шешіп, тығыз байланыста болу керектігін тапсырды.

Жиын соңында Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Е. Тұрымбетов бірқатар ардагерлерді қоғамдағы белсенді қызметі үшін марапаттап, оларға ұзақ өмір, зор денсаулық тіледі.

Жоғарыда аталған күн тәртібі бойынша дәл осындай жиналыс Қонаев қаласының ардагерлер үйінде өтті. Оған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұрымбетов Ерболат Сапарұлы, төрағаның орынбасары Сүгіров Илияс Сейітбекұлы және қаланың ішкі саясат бөлімінің басшысы Түребеков Жеңіс Еркінбекұлы қатысты. Жиында өзекті сұрақтар көтеріліп, сол жиында не бір сұрақтар шешімін тапты. Жиын аса ұйымшылдықпен қарқынды өтті, жиын соңында облыс ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы қаланың бірнеше белсенді ардагерлерін Республика күніне орай мақтау грамоталары және Алғыс хатпен марапаттады.

Қарасай ауданында өткен ардагерлердің жиналысына аудан әкімінің орынбасары Бексұлтан Ақылбекұлы төрағалық етті. Мұнда да жоғарыда айтып өткен үш мәселе қаралды. Жиналысқа қатысқан Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов жастардың бүгінгі күндегі жүріс-тұрысы, қоғам алдындағы жауапкершілігі туралы айта келіп, Талғар қаласындағы жастардың төбелесінің неге әкеліп соқтырғанын, оның себеп-салдары жайындағы өз ойымен бөлісті. Жас ұрпақты адамгершілікке, мейірімділікке, еңбекқорлыққа шақырды. «Асыл ана» қоғамдық бірлестігін құрудың қажеттілігіне, оны заңдастыру мәселесіне тоқталып өтті.

Дәл осындай жиналыстар Балқаш, Ұйғыр, Кеген, Нарынқол аудандары мен Алатау қаласында өтті. Жинылыстарға қатысқан ардагерлер жастар жұмысындағы жетістіктерді тілге тиек етіп, кемшіліктерді де атап өтті. Жастардың сұранысы, қажеттілігі, құндылығы мен әлеуметтік-саяси көзқарасы жайында өз ойларын айтып, көпшіліктің талқысына салды.

Роза АЙДАРБЕКОВА.



ның төрағалары мен мүшелері, Аналар кеңесінің төрайымдары, Пленум мүшелері, Алатау жастары ұйымының төрағалары қатысты.

Жиынды жүргізген Ардагерлер ұйымы РҚБ Алматы облыстық филиалының төрағасы Е. Тұрымбетов жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтап, ұлт игілігі жолында атқарылып жатқан еңбектеріне сәттілік тіледі.

Күн тәртібінде маңызды екі мәселе қаралды. Біріншіден, Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің құрылуына байланысты әр ауылда, округтерде «Асыл ана» ұйымы төрайымдары мен мүшелерін сайлау туралы ауыл әкімшілігіне, ардагерлер төрағаларына жауапты екендіктерін еске салып, жоспарлы жұмыстарды ретке келтіруді тапсырды. - Бұл жерде бір нәрсені ба-сын ашып алған дұрыс, - деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Исаев, -

жат негізінде тиісті жұмыстардың дұрыс атқарылмағандығы тексеру барысында анықталған екен. Осыған байланысты аналар ұйымдарының жұмысын бір арнаға тоғыстырып, сайланбалы орган құру мәселесі республика деңгейінде көтеріліп отыр. Алдағы уақытта бұл бағытта жүйелі түрде жұмыстар жүргізілмекші.

Күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе «Алатау ардагері» газетіне жазылу мәселесі бойынша Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов қазан айында 2025 жылдың басылымына жазылу науқанының басталғандығын айтып, аудан зейнеткерлерінің өздерінің төл газетіне жазылу белсенділігін арттыруды тілге тиек етті. Ерболат Сапарұлы халық арасында газетті кеңінен насихаттап, жұртшылықты оның бағыт-бағдарымен таныстыру, оқырмандардың қызығушылығы арттыру жайын-

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Талғар аудандық әкімдігі аппаратындағы Аслан Қасымбаев жұмысынан босатылды

Талғар ауданы әкімі аппаратының басшысы Қасымбаев Аслан Нұрғайыпұлы қызметінен босатылды, деп хабарлайды Azattyq Rhyu.



Сонымен қатар, Талғар ауданының әкімі Айдарбеков Таңат Есенкелдіұлы және оның орынбасары Бидаев Айбек Дүйсембекұлы «сөгіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Осыған дейін Талғар қаласының әкімі Қуатбекұлы Бахыт Күрішбеков, Талғар қаласы әкімінің орынбасары Матан Сағындық өз міндеттерін тиісті деңгейде атқармағаны үшін лауазымдарынан босатылған.

Осыған дейін оның қызметіне қатысты құзырлы орган өкілдері пікір білдірген еді.

Еске салсақ, осыған дейін Талғар қаласында 16 жастағы Шерзат Болаттың өлімінен кейін, әлеуметтік желіде және кейбір ақпарат құралдарында Талғар ауданы әкімдігі аппарат басшысының осы қылмысты жасағандармен байланысы туралы ақпарат тарады. Ауданның аппарат басшысы Аслан Қасымбаев «хуторлық Хасан» деген атпен танымал қылмыстық тұлғаның туған бауыры екені жазылып жатыр. Ал олардың тағы бір ағайыны істі болғаны белгілі болған.

В Алматинской области ведется отбор новых сотрудников полиции

В Алматинской области 203 новобранца успешно прошли строгий отбор для поступления на службу в ряды правоохранительных органов. О том, как ведется прием на службу и какими качествами должен обладать будущий полицейский, в материале Zakon.kz.



Сотрудники полиции подразделяются на офицерский и сержантский состав. Все офицеры МВД РК имеют высшее образование. В основном, они получили его

в учебных заведениях МВД РК. Но есть и те, кто пришел на службу после вуза, имея на руках диплом об юридическом образовании. В некоторых службах полиции быть юристом необязательно. К примеру, в отделах по делам несовершеннолетних приветствуется педагогическое образование, а в тыловых службах может пригодиться техническое.

«Отбор кандидатов в ряды полиции Алматинской области является одним из важнейших этапов в формировании профессиональных кадров. Постоянно уделяется особое внимание привлечению молодых специалистов, готовых посвятить себя служению обществу и закону», – рассказал начальник управления воспитательной и кадровой работы ДП Алматинской области полковник полиции Абылай Нурымов.

Алматы облысындағы ауыл тұрғындары жол мен жарыққа шағымданды

Алматы облысы Іле ауданы Байсерке ауылының тұрғындары жол мен жарыққа шағымданды. Жақында ғана байсеркеліктер осы мәселені айтып, ереуілге шыққан болатын. Тұрғындардың базынасын Sputnik Қазақстан тілшісі біліп қайтты.

Байсеркенің аумағы кеңіп, ауылдан үдере көшкен талай азаматтың мекеніне айналды. Бірақ қалаға қоныс аударғандар жол мен жарықтың мәселесіне тап болған. Көшелерде жарық жоқ дейді тұрғындар.

Ал Байсеркенің маңындағы саяжай тұрғындары нашар жолды айтып шағымданды. «Ұзындығы 106 км 98 көшені асфальттау керек. Былтыр округтің 41 көшесіндегі ұзындығы 16 км жолдар мен түйік көшелері ағымдағы жөндеу жүргізілді және 8 көшенің шұңқырлары тегістеліп, жөнделді. Округ жолдарын жөндеуге бөлінген жалпы сома – 369701703 тг. Биыл жалпы 17 көшеге жөндеу жасалады», - дейді ауыл әкімі Тілеукең Көпбаева.

БАСПАСӨЗ-2025



Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылық-амандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты жаңа газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - 5415,20 теңге

Индексі - 65472

Жаныңда жүр жақсы адам

ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢЕ БІЛГЕН АРДАҚТЫ АЗАМАТ

Ішкі жан дүниесі бай, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, құндылықтарды бойына сіңірген, заман талабына, уақыт ағымына сай өмір сүре алған, қоғамның кез-келген жағдайында белсенділік танытқан, кісілік пен кішіліктің ара салмағын тең ұстай білген, өзіндік көзқарасы мен пікіріне адал атпал азамат Әмзе Әлдибекұлы ИСАЕВ бүгінде абыройлы жас 75 атты абыройлы жасқа толды.

ҰРПАҚ ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Қашанғы әдеті бойынша бүгін де ерте оянып, далаға шықты. Таңғы тап-таза саф ауаны еркін жұтып, ризалық кейіппен айналаға қарады. Күннің жаңа шығып келе жатқанын қуана хабарлауға асыққан оның алтын арайлы төңірекке нұрын шашып, жер бетін жайнаттып жіберді. Ағаш жапырақтары арасынан саумалдана төгілген күн нұры жерге жақұт болып шашылғандай. Қанша дегенмен күз емес пе, түнде тұрған шөптегі шық күн сәулесімен шағылысып жылт-жылт етеді. Құдды біреу әдейілеп күміс шашып жібергендей. Күз айының осынау бір таңғы суретіне сүйсіне қарап тұрған оның ойын қорадағы жылқының кісінеген даусы бөліп жіберді. Иесінің далаға шыққанын сезген сірә. Ол адымдай басып, қораның есігін ашып, күндегі шаруасына кірісті. Қолына жүген ұстар жасқа жеткелі бергі үйреншікті әдеті-ерте тұрып, малға жем-шөп беріп, оның күтіміне байланысты шаруаларды реттеу. Сырттағы үй тірлігін реттеп болғаннан кейін ғана, оразасын ашып, жұмысына аттанады.

Ұзын бойлы, қапсағай денелі, ат жақты, қыр мұрынды, бидай өнді ақсақал жасы 75-ті алқымдап қалса да ширақ қимылдап, көлігіне мініп, ауданды бетке алды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде зейнет жасындағы адамдарды белсенділікке шақырып, олардың жас ұрпаққа тәлім-тәрбие, бағыт-бағдар беруге жұмылдыру да шыдамдылықты қажет етеді. Жасынан бойына сіңген әдет атқарылатын әрбір істі алдынала жоспарлап алады. Сол әдетінше бүгінгі атқарар жұмысын ой елегінен өткізіп алды. Жұмысына уақытынан ерте келсе біраз істің басын қайырып үлгереді екен. Неге екені белгісіз, марқұм әкесінің «Ерте тұрған еркектің бір ісі артық» деген мақалды күніне бірнеше рет қайталап айтатыны есіне түсті. Әкесі есіне түскен сайын бал дәурен балалық шағы көз алдына келеді...

Чапай ауылында сарша тамыз сарыала күзде дүниеге келген Әмзе Әлдибекұлы алдында екі ағасы тұрса да кішкентай кезінен отбасындағы балалардан ерекшеленіп тұратын. Тек үйде ғана емес, ауылда да аты шулы болды. Қай жерде ойын, қай жерде төбелес болса, ол

те жоқ. Арба табылса, соған қуанасын. Жоқ болса жаюу-жалпылап кете бересің. Осындай еңбеккер отбасында тәрбиеленген Әмзе 8 сыныпты бітірген соң ата-анасының бір жағына шығысайын деген оймен Алматы қант зауытына жұмысшы болып орналасты. Одан Кеңес Армиясы қатарына алынып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп қайтты. 1971 жылы әскерден келісімен жүзім совхозына жұмысшы болып кірді. Келген бойда әкесі «Балам басыңды құра» деп ақыл айта бастады. Баласының «Біреу жыл жұмыс істейін, содан кейін оқу оқысам» дегеніне қараған жоқ. «Оқуға асықпа, балам, үлгересің. Дүние кезегімен, асықпасаң бәрі біртіндеп өзі келеді. Алдымен мені риза етіп, батамды алғын», - деп той қамына кірісті. Сұңғыла әкесі талқанының тым ерте таусыларын білген болуы керек сірә, сүйікті ұлын аяқтандырған соң бар болғаны екі айдан кейін, 57 жасында көз жұмды. Әкесі 22 жасында ауылдық кеңеске қарасты дүйім жұртты басқарса, Әмзе дәл осы жаста үлкен бір әулеттің жол бастар басшысы болды. Алдындағы ағалары жас болса да, әулеттің билігін оған тапсырып, отбасының тірлігіне байланысты кез-келген істі інілерімен ақылдасып, одан кесімді жауабын күтетін. Кешегі күннің бүгінгіге жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы деген осы шығар.

ТӨМЕННЕН ЖОҒАРЫҒА ҚАРАЙ НЕМЕСЕ БАСПАЛДАҚТАР

Ендігі жерде Исаевтар отбасының алдағы өмірінің, тағдырының тек өзіне байланысты екендігін жақсы түсінген Әмзе Әлдибекұлы жұмыс істей жүріп жоғары білім алуды алдына мақсат етіп қойды. Талғар қаласындағы ауылшаруашылығы техникумын, одан соң Қазақтың ауылшаруашылығы институтын сырттай оқып бітіріп, жеміс-жидек және жүзім шаруашылығының маманы болып шықты. Еңбектен қол үзбей оқып жүріп, қызмет баспалдақтарымен біртіндеп жоғары көтеріле білді. Техникумда оқып жүрген жұмысшы Әмзе Исаевты жүзім совхозының сол кездегі директоры, Социалистік Ең-



дық танытып, ортақ іске мүдделілік, іскерлікпен біліктілік көрсете білген, ең бастысы тек өз қамы ғана емес, басқалардың жағдайына көбірек көңіл бөлетін Исаевқа бөлімше басқарушылығы, одан совхоздың бас гидротехнигі, партия комитетінің хатшылығы, директордың



жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары қызметтері сеніп тапсырылды. Ал, 1993 жылы Ащыбұлақ селолық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Кейін коммунистік партияның тарауына байланысты ауылдық Кеңес ауылдық әкімшілік, кейіннен ауылдық округ болып өзгертілді. Осындай құрылымдық өзгертулердің басы-қасында болып, небір қиын-қыстау күндерде халыққа демеу болып, олардың жана заманға деген көзқарастарын қалыптастыруда, бұрын «үкімет өлтірмейді» деп, алақан жайып үйреніп қалған адамдарды уақыт талабына қарай бейімдеуде Әмзе Әлдибекұлы үлкен істерді атқара білді. Сол еңбегінің арқасы шығар, 1996 жылы Іле аудандық әкімінің орынбасарлығы қызметіне жоғарылатылды. Екі жылдан соң аудандағы ең үлкен округ Боралдай кентіне әкім болып тағайындалды. Өйткені сол жылдары Боралдайдағы жылу беру, ауыз су, қираған ғимараттарды қалпына келтіру сияқты күрделі мәселелерді шешу үшін Әмзе Әлдибекұлы сияқты кесімді сөз айтып, өтімді шешім қабылдайтын, халықты соңына ерте алатын батыл да ұстамды басшы, білікті де білімді ұйымдастырушы қажет болды. Одан кейін өзінің балалық шақ, бал дәурені өткізген, оқып-білім алған ауылы Ащыбұлақ селолық округінің әкімі болды. 2009 жылы «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы Іле аудандық филиалы төрағасының орынбасары қызметіне көтерілді. Бүгінде Іле аудандық ардагерлер кеңесін басқарады. Бала кезінен еңбектеніп өскен соң үйде қарап отыра алмады. Осынау қызметтің қай-қайсысында болмасын ол ең алдымен халыққа жақын болуға тырысты. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы жүрегіне бойтұмардай сақтап, қарапайым ауыл тұрғындарының көңілінен шыға білді. Қажет кезінде халыққа басын иіп, кішірейсе, кейде қаталдық танытты. Халықпен жұмыс істеуде ол өзінің мектептегі алғашқы мұғалімдері Ұлы Отан соғысының мүтегері Беркиндиев Қасымбектен, Изенбаева Рабиғадан, өмірлік ұстаздары Мұхамеджан Түймебаевтан, Заманбек Батталхановтан, Нүсіпбек Исахметовтан, Сембаев Жәкіштен үйренген тағылымдарды, адамгершілік қасиеттерді басшылыққа алатын. Өйткені, бес саусақтың бірдей болмайтындығы сияқты адамдар да әр түрлі мінезді болып келеді. Олардың бәріне бірдей жақсы бола алмайсың. Біреуге жақсаң, мәселесі шешілмей қалған біреулер даттап шығады. Әсіресе зейнет жасындағы адамдар кінәмшіл, өкпешіл болады. Сондайлақ жақсы мен жаманның ара салмағын тең ұстап, сабырлылық, байсалдылық көрсету қажет. Өйткені, әрбір адамның артында тұтас бір отбасының тағдыры тұрады. Жалғызбасты қарттар мен мүгедектердің, жетім-жесірлердің, көп балалы аналардың тағдырына немқұрай-

ды қарауға болмайды. Қалай болғанда да ол өзін қызмет дәрежесіне сай ұстап, елдің мұң-мұқтажын, мақсат-мүддесін мансабынан биік қоя білді. Әмзе Әлдибекұлының өткен шағы мен бүгінгі биігін салыстырып қарасаң оның жүрген жолының салмақты болып, саралана түскенін көресің. Әмзе Исаевтың жүріп өткен өмір жолын, атқарған қызметін тұжырымдап айтсақ, орнықты мінезі, берік ұстанымы, парасат-пайымы, әділдігі, адалдығы оны биіктерге жетелеп, еңбектің ордыне, құрметтің төріне көтергенін байқайсың. Өзінің айналасына ізгіліктің сәулесін сіңірген, тарихтың ғана емес, тағлымнан тәрбие алып, өмірдің өзінен фалсапалық ой түйген айтулы азамат Әмзе Әлдибекұлы Исаев-міне, осындай жан.

ОТБАСЫ-АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Әдетте ер-азаматты түздің адамы дейтін болсақ, оның алаңсыз жұмыс істеуіне, елдің алдында абыройлы, жолдастары арасында жүзінің жарқын болуы оның жан-жарына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда Әмзе Әлдибекұлының өмірлік қосағы Майра Мырқасымованың ізеттілігін, мейрімділігін, туыстарға, жора-жолдастарға деген қайырымдылығын айтып өткен жөн. Әлдибек ақсақалдың бата-сың алған медицина қызметкері Майра жеңгей-осы әулеттегі өнегелі, тәлімді келіндердің бірі. Өмірге Әнуар, Жеңіс атты екі ұлды, Айман атты алтындай қызды дүниеге әкеліп, оларға ұлттық дәстүрге сай тәрбие беріп, Исаевтар отбасының ырсың тасытып, берекесін арттырып отырған Майра апайды көптеген адамдар құрмет тұтады. Бүгінде осы жанұяның отанасы атанып отырған мейірімді жан Әлібек, Жеңіс, Кәмила, Әлиман атты немерелерін тәрбиелеп отыр. Қашан көрсен дастарханы жайылған, көпшіл, қонақшыл ерлі-зайыптылар өмірдің соққысын да көріп, ащысының да дәмін татты. Өттең, өттең, ойласаң өзегің өртенеді. Аман е, қолдан келер шара жоқ. Құдайға қарсы тұра алмайсың. Жас болса да жолдастарына бас бола білген, оларға өздерінің қадірін арттырған өрімдей жас Әнуар мен Жеңістің өмірлері ерте үзілді. Періште болып келіп, періште болып кетті. Жарық жұлдыздай жанып, ағып кетті. «Қазаны басқаның қайғысы белек» дегендей, бөтен адамның сырттай жаны ашығанмен де, барлық ауыр салмақ сол отбасының өзіне түседі. Ерлі-зайыптылар екі баланы ойлап, қаншама ұйқысыз түндерді, күлкісіз күндерді бастарынан өткізді десеңші. Оңашада көз жастарын жасығып алып, әрі қарай тіршіліктерін жасайды. Құдай да өзіне керек адамын қасына алып, сүйген құлына көтере алатындай сынақ береді екен. Бұл ретте отағасы Әмзе Әлдибекұлы қайраттылық, шыдамдылық танытып, жұбайы Майраға, қызы Айманға, сүйікті келіні Арайға демеу бола білді. Ұлындай болған күйеу баласы Ержігітке ақыл-кеңесін беріп қояды. Өмірдің қатал заңы тірі адам тіршілігін жасау керек. Осылайша айрандай ұйыған тату-тәтті отбасы құдайдың жіберген зауалын қасқайып қарсы алды. Ынтымағы жарасқан отбасы ғана осындай қиындықты мойымай көтере білсе керек. Қалай болғанда да ендігі жерде Исаевтар отбасы үкілеген үміттерін Әлібек, Жеңіс, Кәмила, Әлиман сынды немерелеріне артып, солардың қуанышын қызықтап, күнді күнге жалғап жүріп жатыр. Әлібегі-бүгінде үлкен азамат. Грекия мемлекетінде оқып жатыр. Жұмыстан шаршап келген Әмзе Әлдибекұлы өзінің алтын қазығы отбасынан көңіліне жұбауынша табады. Немерелерінің бал қылықтарын тамашалап, мәре-сәре болады.

Біраз жұмыстың басын қайырып, бүгінгіге жоспарлаған істерінің орындалғанына көңілі толған ол ат басын ауылына қарай бұрды. Күндегі әдеті бойынша Ащыбұлаққа кіре берісте-гі зұлмат 37 жылдары жазықсыз жандардың жаны қиылған Теренқараның бойындағы қос құлыны опат болған жерге тоқтады. Осы жерге құлыптас орнатылған. Жерге тізсерлей отырып, іштей дұғасын оқыды. О дүниелік болған балаларына бағыштаған құранын арнады. Неткен, қатал өмір. Қуанышты мен қайғынды, жеңісің мен жеңілісіңді қатар бересің. Бірде күлдіресің, бірде күрсіндіресің. Жығыласың, сүрінесің, қайта орныңнан тұрасың. Ұтасың, ұтыласың, қиындықты жеңу үшін қайта алға ұмтыласың. Ол орнынан тұрды. Күн қызарып, ұясына батып барады. Ұясына батып бара жатқан күнге мұңая қараған ардақты да салмақты азамат үйде өзін күтіп отырған өмірінің жалғасы бар екеніне құдайына тәубе айтып, тез арада бойын тіктеп алды. Әлі, алда талай асулар, алынбаған қамалдар тұр. Соның бәрін сабырлықпен бағындыру қажет. Алдағы жеңістерге жету үшін тек алға ұмтылу керек. Қиындықтарды көріп жігері жұсымаған, мерейі көтерілгенде асып-тасымаған атпал азаматқа әманда құдай қуат берсін дейміз.

Роза АЙДАРБЕКОВА.
Іле ауданы



суырылып алда жүретін. Сонда да өзі қатарлас жолдастары оны сыйлап, алдынан кесе көлденеу өтпейтін. Басқа біреулер, көрші-қолаң оның тентектігіне шағым жасап жатса әкесі Мейізбала «Менің балам жай тентек емес, ақылды тентек, көрерсіңдер әлі ол Иса атасы сияқты болыс болады» деп отырушы еді. Елдің, халықтың қамын ойлап, уақытының көбін әйел болса да ат үстінде өткізетін, сөйтіп жүріп, ауылдастарын тәрбиелеген Мейізбала әкесі сөзге шебер, бабалар өсиетіне адал, арғы-бергі тарихты жақсы білетін еді. Арғы аталары Алтай бидің Хангелді деген ұрпағынан тараған Иса Сарытауқұм болысында болыс болып, ел-жұртты аузына қаратқан ақылды кісі болған екен. Оның баласы Әлдибек те діни мектепте бес жыл оқып, 22 жасында Чапай ауылындағы Ворошилов ауылдық кеңесінің алғашқы төрағасы болған, колхоз басқарған. Уақыт алға жылжып, заман өзгеріп, діни білімнің қажеті болмай қалған кезде орнын босатып беріп, совхозда жұмысшы болып еңбек еткен. Анасы да бойнетқор, еңбеккер адам болды. Кезінде алаштың арысы Сәкен Сейфуллинмен қоян-қолтық араласып бірге жүріп, 1937 жылы жазықсыз атылып кеткен бауыры Сұңғатов Әлжанды аузынан тастамайтын анасы Бәдіғұл отбасының ұй-тқасы болуымен бірге совхоздың жұмысына да қалмайтын. Үшінші ұлы Әмзе дүниеге келген сиыр жылы аста-төк молшылық жыл болды. Сонда Бәдіғұл апа бесікке баласын құндақтап қойып, бес қырманға тамақ апарып тарататын. Ол кезде дайын тұрған көлік

бек Ері, кезінде ұлы Дінмұхамед Қонаев «Дала комиссары» деп атап кеткен ағатты Мұхамеджан Түймебаев кеңесіне шақыртты. Бөлмесіне кірген бойы жалынды, көзі от шашқан ұзын бойлы жас жігітке сынай қарап:

- Осы сен, егіс бригадасына бригадир болсаң қайтеді, сырттай оқып жүр екенсің, - деді.

- Аға, сеніміңізге рахмет. Бірақ, бригадирлік қолымнан келмейді. Мені одан да көмекшілікке жіберсеңіз дұрыс болар еді, - деп күмілжи жауап қатты.

Сынау үшін әдейі осындай ұсыныс жасаған болуы керек, сұңғыла басшы күліп жіберді.

- Жарайды онда, Сембаев Жәкішке бүгіннен бастап көмекші болып бар. Әр істі төменнен бастаған жөн, - деді.

Екі жыл бригадирдің көмекшісі болған жалындаған жас жігіт қарамағындағы адамдармен жұмыс істеудің, еңбек қарқынын арттыру мақсатында істі дұрыс ұйымдастыра білудің қыр-сырын үйреніп, ұжым басшылары алдында жауапкершіліктің не екенін білді. Өзі ісіне адал болып, ешкіммен есептеспей уақытының көбін егіс басында өткізетін еңбеккер жігіттің бойындағы ұйымдастырушылық қабілетті байқаған совхоз басшылығы оны бригадир етіп тағайындады. Тәжірибесін байытсын, жүзім өсірудің жаңа технологиясын тереңнен білсін деген мақсатпен Молдовияға оқуға жіберді. Әмзе Исаев та басшылардың сенімінен шығуға бар күшін салды. Ол басқаратын бригада қатарынан бірнеше жыл жүзім жинау жөніндегі жоспарларын артығымен орындап, табысты еселей түсті. Атқарған ісіне адал-

25 қазан Республика күні

ЕЛДІККЕ БАСТАҒАН КАДАМ

Республика күні — нағыз қазақтың кеудесі қуанышқа толы болатын, халықтың думандатып тойлайтын, жақсы көңіл-күй орнайтын айтулы мерекесі.

Елім деп еңіреп, жұртым деп жамырап, жан қиған қазағымыз ежелден еркіндік аңсаған. Сондықтан қазіргі уақытқа дейін, Қазақстан көптеген қиындық жолдардан өтті деуге болады, себебі өзінің егемендігін, тәуелсіздігін жариялау үшін қаншама қарақөз апаларымыз, боздақ бозбала ағаларымыз кеудесін оққа тосты, жан кешті. Осы уақыттан кейін Қазақстан әлемде жеке дара дербез ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

Осы орайда еліміздің болашағы жас ұрпақты тәуелсіз елдің ұланы ретінде өсіру отбасындағы және білім ордасындағы білім мен тәрбиенің бір арнаға тоғысуына байланысты. Бүгінгі таңда Іле ауданы, №44 орта мектебінде оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес, республика күнін насихаттай отырып, ұлтжанды болашақ ұрпақты қалыптастыру мақсатында, мектеп директоры Қ. Әдетовтың басшылығымен, директордың оқу-тәр-

бие ісі жөніндегі орынбасарлары Р.Ермекбаева мен С. Бексауытованың қатысуымен 18-24 қазан аралығында “Рәміздер-мақтанышым” онкүндігінің ашылуы жариялан-

мұғалімдерінің қолдауымен “Қазақстан-балалар көзімен” шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды.

Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мен тәуелсіздікті тұғырлы ету долында мектеп қабырғасында үздіксіз тәрбиелік жұмыстар атқарылуда. 21 қазан күні мектеп

қатысуымен 18 қазан аралығында “Таза табиғат” республикалық экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында мектеп 9-10-11 сынып оқушылары ағаш отырғызу шарасын жалғастырды. Еңбек пәні мұғалімдерінің еңбегінің арқасында «Қазақстан-балалар көзімен» атты шығармашылық



ды. Қазақ тілі пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушылары арасында “Мен арманымдағы Қазақстан” тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Еңбек пәні

оқушыларынан құралған өзін-өзі басқару ұйымдарының мерекелік құттықтау челленджі басталып, 22 қазан күні мерекелік салтанатты жиын өткізілді. Мектеп ұжымының

көрмесі ұйымдастырылды. 2-4 сынып оқушылары арасында «Гүлдене бер, Республикам менің» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. 1-11 сынып оқушыларына жап-

пай «Менің Республикам» сынып сағаттары өткізіліп, еліміздің тәуелсіздігі мен қалыптасу кезеңдерінен насихатталды. Тарих және география бірлестігі мұғалімдері «Елімнің көрікті жерлері» тақырыбында танымдық-саяхаттар ұйымдастырылды.

Еліміздегі айтулы мерекелерді ескере отырып, тәуелсіз ел нышандарын насихаттау, еліміздің егеменділігінің тұғырлы болуы мақсатында болашақ ұрпағымызды ұлтжанды, мәдениетті, білімді азамат етіп қалыптастыру ісіне мектеп ұжымы үнемі атсалысып келеді. Осы орайда мектеп ұстаздарының еңбегі өте зор деуге болады. Бүгінгі таңда мектеп оқушылары әртүрлі байқауларға, меркелік іс-шараларға, зияткерлік ойындарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Мемлекетіміздің біртұтас болуы, егеменділіктің болашаққа бастар нақты қадамы деп айта аламыз. Осындай шұрайлы жері, іргесі биік халқы бар жерде өсіп жатқан біздің ұрпағымыз бақытты деуге болады. Сондықтан да мектеп ұжымы ұрпағымыздың саналы, білімді, бәсекеге қабілетті, құзіретті, жан-жақты болуына бағытталған жұмыстарды әрі қарай жалғастыра бермек.

М.СҮЛЕЙМЕНОВА,
Көкжайнар ауылындағы
№44 орта мектебі
география пәні мұғалімі

Активное долголетие

Будучи на презентации филиала Центра активного долголетия (ЦАД) в городе Қонаеве, я познакомился с инструктором по скандинавской ходьбе из г. Есик, Мухтаром Заридзе. Мы договорились представить его коллектив на страницах нашей ветеранской газеты «Алатау Ардагері». Мухтар, за плечами которого большой педагогический опыт работы в школах и колледжах, подробно рассказал, как всё начиналось, и чем полезны занятия на свежем воздухе. Предлагаем читателям его монолог: «В феврале прошлого года я прошёл в Алматы специализированные курсы, получил сертификат и приступил к работе в только что открывшемся в нашем городе Центре активного долголетия в качестве инструктора по скандинавской ходьбе.

ХОДИТЬ ВСЕГДА, ХОДИТЬ ВЕЗДЕ... И ВОЗРАСТ - НЕ ПОМЕХА МНЕ!

Кроме скандинавской ходьбы, наши пенсионеры могут получить в Центре широкий спектр услуг: лечебная физкультура, хор, вокал, танцы 60+, декоративно-прикладное искусство, цигун, йога, шахматы, тоғыз кумалак, курсы казахского и английского языков, IT-грамотность и многое другое. В Есике пенсионеры также посещают плавательный бассейн. И всё это - бесплатно, что говорит о заботе государства о старшем поколении, что не может не радовать.

Вернёмся к занятиям. В первый день ко мне пришли всего три человека. Это было ранней весной, в марте. У одного из них не было палок для ходьбы, но мы как-то справились, понимая, что учреждение новое, штат не укомплектован, спортивного инвентаря не хватает. Со временем люди стали приходить, инвентарь закупался, и уже через три месяца у меня было две группы по 8 человек в каждой.

Сейчас, более чем через год, когда о работе ЦАД знают уже многие, у меня число любителей ходьбы возросло до 40 человек! По 20 человек в каждой группе. Возраст участников разный:



самому молодому услугополучателю - 65 лет, а самому старшему — 80. Да, да! Есть и такие! Причём 80%, в основном, составляют женщины, которые, видимо, более бережно относятся к своему здоровью. Мужчинам стоит брать с них пример! Девиз тут должен быть такой: «Ходить всегда, ходить везде... И возраст не помеха мне!»

Занятия проходят три раза в неделю на территории ЦАДа. Мы также посещаем центральный стадион, городской

парк культуры и отдыха, совершаем пешие, не трудные походы в горы, благо они рядом. При возможности, стараемся менять локации. Недавно выезжали в Алматы и посетили Парк Первого президента. Как оказалось, многие посетили его впервые, все остались довольны. Там мы провели занятие.

Занятия начинаются с обязательной разминки и специальных упражнений. Затем изучаем (напоминаем) технику ходьбы и приступаем к самой ходьбе. В зависимости от возраста и физических возможностей каждый участник проходит от 1 до 3 километров.

Скандинавская ходьба — это очень универсальный вид физической активности, подходящий для любого возраста, но особенно полезный для пенсионеров. Почему? При обычной ходьбе вся нагрузка ложится на коленные суставы, тогда как при скандинавской ходьбе нагрузка распределяется иначе: 70% идёт на ноги, а 30% — на руки и плечи. Это полезно для сердечно-сосудистой системы, опорно-двигательного аппарата, осанки и координации. Скандинавская ходьба помогает снизить вес, уменьшить уровень “плохого” холестерина, укрепить мышцы и повысить иммунитет.

Отрадно, что в Алматы и по всему Казахстану в разное время года регулярно проводятся марафоны. В прошлом году мои «скандинавцы» впервые приняли участие в городском марафоне и прошли первые 5 км, получив награды от организаторов, чему были несказанно рады. Сейчас мы стараемся не пропускать такие масштабные праздники, где получаем большой заряд бодрости и позитивных эмоций.

Лично я участвовал уже в девяти марафонах. Недавно наша группа посетила Тургенское ущелье и дошла до Медвежьего водопада. Впечатлений у всех было море! Осенние горы — это, как говорят лирики, «чудесная пора!» Усила для глаз, души и тела! Настоятельно рекомендую!»

Записал Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Еңбекшиказахский район.

Қазақтың жолы

Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл болды

(Басы газеттің өткен санында)

Ван ханның бас әмірлерінің бірі Екэ-Чэрэннің жылқышысы Қышлықты ерекше атап айту керек. Қышлық Ван хан мен ұлы Санғұн қастандық жасамақшы болған кезінде оған көмектескен, сол үшін Шыңғысхан оны бас әмірі және тархан етіп тағайындаған.

Шыңғыс хан керейттер мемлекетінің қағандығы ғана емес әскери әмірлерін де қолына алып, әуелі найман ханы Таяң ханға шабуыл жасап, оған жеңіліс таптырды. Оның қуатты армиясының да ұлтанды бөлегін өзіне қосып алды. Керейт пен найманның қуатты қолы қосынып толықтырған Шыңғыстың ендігі екпіні тау суындай тасқындады. Меркіт, Таңғұт, Қырғыз, Ұйғыр сынды елдерді бірінен соң-бірін бағындырды.

Сөйтіп, бүгінгі күнгі түркілік ұғымымен қарағанда бағынған, оның қол астына кіріп, жауларына ортақ атойлаған жауынгерлер легінің 90 пайызы түркі әскерлері болды. Төрт інісі, төрт ұлын арқау еткен жүздік, мыңдық, түмендік әскер басларына ғана өзінің ең сенімді адамдарын тағайындап, жер қайысқан қалың қолды «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстады.

«...Шыңғыс хан әскерінен жеңіліс тапқаннан кейін, Моңғолияның түркі тілдес тайпалары өздері тұрған жерінен жағрафиялық бағытта батысқа қарай ығыса бастады: алдында наймандар, меркіттер, соңында керейлер. Бұл жағдай аталмыш тайпалардың қырғыз-қазақ даласына таралуына ықпалын тигізді».

Осыдан кейінгі Шыңғыс хан жорығы әуелі Қытайға бағытталды.

«Шыңғыс ханның балалары Жошы, Шағатай және Үгетай үшеуі алдымен Туң чан, Тужту, Суан ди фу және Йүң жиу қалаларын иеленді». Шыңғыс ханның қытай еліне жасаған жеңісті шерулері жалғаса берді. «... одан соң (Шыңғыс хан) Жошы, Шағатай мен Үгетайды оң қанаттағы тауға, сол жақта орналасқан аймақтарды бойсұндыруға жіберді. (Содан) олар Бау жиу қаласынан бастап Хуай миңжу қаласына дейінгі аралықтағы барлық қалалар мен қамалдарды басып алды».

Басым пайызы түркілерден болған Жошы қолы осыдан кейін де жеңісті шайқастары арқылы талай ел мен жерді бағындырды.

Ең бастысы Шыңғыс қолының алдыңғы легіндегі «арыстан ұлдың» әке үмітін ақтап, оның сеніммен күрес жүргізуі — біздің тақырыбымызға орай айтқанда кейінгі — «Жошы ұлысы» аталған жаңа түркі мемлекетінің іргесін қалау негіздері еді. Оның ерліктері кейіннен өзінің басқару аймағына өткен Отырар, Жент, Баршынылық қалаларынан алуда да аңызға айналды.

Рашид ад-дин еңбегінде: «Ханзада Жошының Жент пен Баршынылық қалаларына бет алуы және олардың азат етілуі жайлы хикая» ол жүргізген сәтті жорықтардың бірі еді.

Көп ұзамай Жошы Хорезмді алу шайқасына да аттанады. Самарқан алынғаннан кейінгі ендігі бір тақырып: «Шыңғыс ханның ұлдары Жошы, Шағатай мен Үгетайды Хорезм тарапына жіберуі және ол елдің азат етілуі» деп өрбиді.

Сәл шегініс жасап, он ғасырға жуық өсекке мұрындық болған Жошының дүниеге келуіндегі күдікті әңгімеге азырақ орын берсек, Рашид ад-дин оның баянын да нақты жеткізеді.

Аңызда айтылғандай Жошының шешесі Бөрте фузин меркіттердің қолына түскеннен кейін, керейттермен жаулығы саябырлап, жақсы қарым-қатынасқа түсе бастаған меркіт жағы Бөртегі Тұғырыл ханға сыйға ұсынады. Сол тұстағы Тұғырыл ханның бүкіл әлемді аузына қаратып, атақ-даңқы аспан тіреп тұрған қаһарлы хан екенін ескерсек, бұл арада меркіттердің Бөртеге ойына келгенін істеп алып, одан соң ханға сыйға беруі немесе меркіттерден жүкті қылып барып Тұғырылға сыйлауы мүлде мүмкін емес еді.

(Жалғасы газеттің келесі санында)



Ғұмыр

ЖАҚСЫ ҚАРТАЮ ДА-БІР БАҚЫТ

Алпыстан асқаннан кейін, тәжірибең молайып, ақылды бола түсесің. Сол бойыннан кеткен қуат тілге ауысады. Кейінгілерге ақыл айтқанды ұнатасың, өзің жас кезінде жіберген қателіктерді үрім-бұтағым қайталамаса екен дейсің. Сондықтан көп сөйлеп, қызыл тілге сүйенесің...

Алпыстан асқаннан кейін адамның қимыл-қозғалысы, тіпті іс-қимылы өзгере бастайды, уақыт өз дегенін істейді. Бетке әжім түсіп, адам қартая бастайды. Үлкейген адамның көркі - денсаулық! Жас кезінде денсаулықты табиғаттың өзі береді. Қартайған кезде өз денсаулығыңызды күтіп сақтауыңыз керек.

Осы кезде адамның бірінші жауы-дұрыс тамақтанбау және жеңілтектік. Жас кезде майлы тамақ организмге күш жинау үшін керек. Ал қартайған кезде жүрісіңіз азайып, ас қорыту қиындайды. Сол себепті тамақты талғап жеуге тырысыңыз...

Кейде жерік әйелдер секілді бір асқа көңіліңіз соғады, ол ағзаға сол заттың жетіспеушілігінен болады, алып жеп, өзіңізге құрмет жасаңыз...

Жасы келген адамның басты рухани жауы - жеңілтектік. Барған жерде жастармен билеп, біреуге қырындап, қалжың айту үлкендерге ерсі...

Осындай ойланбай істеген қылығымыз үшін «Үлкейсе де, бір үзім ақылы жоқ», «Сақалы ағарса да, ақылдан ада екен» деген елден сөз есту бізге лайық емес...

Алпыстан асқаннан кейін әдептің бірі адам жасына қарай киінуі керек. Жас болдык жеңі жоқ кеудеше кидік, қысқа кидік дегендей...

Тіпті, керемет денеңіз сұлу болса да, қысқа, денеге жабысқан киім кию ерсі, денеңіздің сұлулығын көрсететін жер ол теңізге барып дем алғанда.

Өз жасыңыздан жас көріну үшін кірпік жапсыру, жеңсіз киім кию, ерін бояу, қас бояу сіздің талғамыңыздың төмендігін көрсетеді.

Кірпік пен бояу кәрілікке қорған бола алмайды... Қайта сіздің жасыңызды, ерсі етіп, айқындап көрсетеді...

Шамалап өзіңізді ретке келтіру, өтір жағу, крем жағу пайдалы, артық болмайды...

Жас келсе де көңіл қартаймайтыны белгілі. Бірақ үлкейген шақта ақшыл киім жарасымды.

Менің қуанатыным қазақтың балалары ата-анасын зейнетке шыққанда құрмет көрсетіп, тойын жасап, қолындағы барын салып киіндіреді. Көшеде, қонақта жасына сай киінген үлкендерді көргенде қатты қуанып, бойымды мақтаныш билейді.

Осындай сый-құрмет жасау, тек қазағымның қолынан келетін сияқты...

Осындай ұрпағы бар қазағымның ерте қартаймауы-заңдылық...

Жас келгенде денсаулықтың болмайтыны рас, жаныңызға батқан ауруды жақындарыңыз бен балаңыз білсе жеткілікті, елге айтып жарияламаңыз.

Оны бүкпесіз айтатын жер-сіздің дәрігеріңіз... Кейде құлақтың дұрыс қабылдамайтын кезі болса, уақытын алып, қайталап сұрамаңыз...

Қартайған адам өкпешіл болады... Өкпе айтып, ренжудің қажеті жоқ. Өміріміз өкпемен өтпесін, кешірімді болайық...

Өткен күндерге жиі оралмаңыз. Кеткен жандар оралмайды, жастық шағың тек арман болып қалады... Ол үшін бас қатырмаңыз...

Жастарды әңгіме етуден аулақ болыңыз, кезінде бізді де көп адамдардың жақтырмағанын естен шығармауымыз керек.

Балаларыңыз қызмет бабымен көшсе, ашуланбаңыз. «Отырса - от басында, көшсе-көш басында» дегендей, жасың келгенде бір қаладан екінші қалаға көшу қартайған адамға оңай емес, денсаулығына зиян, әрі үйренген ортадан алыстау оңай емес, бірақ заман талабы болғандықтан оған да көнуіміз керек.

Мен басқа қалаға қоныс аудардым. Қиналамын үйренген жерден ауыса беру оңай емес, бірақ өзіме». Бастысы сен тірісің, ел мен жер көру де бақыт» - деп басу айтамын...

Ғалымдардың айтуы бойынша қазір адамдар жасарды дейді... Өке-шешелеріміз қырық жасында үлкен адамдар көрінетін.

Бір байқағаным адамда көркем мінез болса, қартаймайды. Қарт адам өз киімімізбен, ақылымызды, ой-өрісімізді, талғамымызды байқата білсек қадірлі боламыз...

...«Кәрілік келіп қалды қай жағымнан» деп айтуымыз-заңдылық... Ешкім қартаюды жақсы көрмейді...

«...Елу жылбырдан алды, Алпыс тізгіннен алды. Жетпіс өре салды. Сексен тұсау салды.» дегендей, қартаюдан қашқанмен құтылмайтын бұл да өмірдің бір белесі ғой...

Кейде ойлайсың осы жасқа жетпей кеткен қаншама адам бар... тәубе деймін

Жаратқанға, риза болып...

«Көп жасаған құрдасынан айырылады» дегендей, өзіңіз шамалас адамдардың, жақындарыңның қазасы жанға батады. Иман тілеп, жақсы жақтарын еске алыңыз.

Өмірімде мені қинайтын жастардың қазасы, сондай жерге бару өте қиын. Атам қазақ «Атамдасқа атамдат, ботамдатпа» деген ғой.

Жаным қатты батып, бірнеше күн ұйқыдан қаламын. Қартаюдың да өз бақыты бар... Ол - ұрпағының бақытын көру, балаңның өзіңе деген құрметін сезіну, немерелеріңіз тәтті қылығы...

Сіздерге кеңес зейнетке шыққаннан кейін, ойыңызды қағазға түсіріңіз... Ойсыз адам болмайды, кейін өзіңіз оқып,



осыны мен жаздым ба? - дейсіз... Тамаша осындай ойдың иесі болғанымызды сонда сезесіз...

«Атың барда ел таны» дегендей, елмен танысып, жер көруге де уақыт бар...

Үйде де таза киініп жүруді әдетке айналдыру керек. Жағар төсегіңіз жанға жайлы болуы керек. Ас ішетін ыдысыңыздың да әдемі болғаны көңіліңізге қуаныш сыйлайды.

Өзіңізді ойлайтын уақыт келді, өзіңізден ешнәрсе аямаңыз. Баланың, немеренің ата анасы бар, өздері өмір сүруді үйренсін...

Бала шаға сізге жағдай жасауды білу керек... Ұнаған нәрсеңізді алыңыз, өзіңізден киімге, тамаққа, дәріңізге үнемдемеңіз...

Шақырылған жерге уақытымен баруға тырысыңыз. Өзіңізге ұнамаған затты біреуге сыйламаңыз.

Жағдайыңыз келмесе болмайтын нәрсе апарып, сіз туралы жаман пікірде болмауың ойлаңыз.

Апаратын нәрсеңіз болмаса, ұятқа қалмас үшін бармағыңыз дұрыс және бармайтыныңызды айтып, хабар беріңіз.

Жақсы ортада болыңыз, ән мен күй тыңданыз, тіл үйреніңіз, құран оқыңыз, атқан таңды көріп, табиғатты тамашалаңыз!

Көре білсеңіз, қуаныш көп!!!

Дендеріңіз сау, өмірлеріңіз тыныш, бала-шағаларыңыз мейірімді болсын, әр атқан таңға қуанып, Жаратушыға алғыс айтыңыз!!!

Дайындаған Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

Денсаулық

ТҰМАУ-ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ

Тұмау - бұл жіті респираторлық вирустық инфекциялар (бұдан әрі ЖРВИ) тобына кіретін тұмау вирусын тудыратын жіті ауру. Қазақстанда жыл сайын эпидемиологиялық кезеңде ЖРВИ-мен және тұмаумен 800 мыңнан 1 миллионға дейін адам ауырады.

Өкінішке қарай, жағдайы нашарлаған дер кезінде емдеу мекемесіне келмеген науқастарға қалыпты жағдайда жиі қолданылатын жекелеген препараттар көмектеспеуі де мүмкін. Сондықтан өз бетінше емделуге болмайды. Балалар мен, жүкті әйелдерді

жалғыз және тиімді іс-шара ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынды. Тұмауға қарсы егілгендерде инфекция жеңіл өтеді, асқынулар мен өлім-жітім жиілігі азаяды. Сонымен, егілген пациенттер арасында егілмегендермен салыстырғанда, бронхиалды астмамен, жіті орташа ауру 3 есеге дейін сирек байқалды.

Егілгендер арасында вакцинадан кейінгі асқынулар байқалмады.

Ағымдағы жылы ауданда тұмауға қарсы жаппай вакцинация қазан айынан басталады. Вакциналардың ДДҰ сертификаты бар және Қазақстанда тіркелген.

Тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылар көбейген кезде халық көп жиналған орындарда болмауға, салқын тигізіп алмауға тырысу қажет және ауа райына сәйкес киіну керек.

Сол сияқты, таза ауада серуендер алдында немесе көшеге шығар кезде мұрныңызға оксалин майын жағып аласаңыз тұмау немесе басқа ЖРВИ вирустарының тыныс жолдарына енуі күрт төмендейді.

**Н.МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы.**

Тұмаумен ауыратындардың саны артқан сайын, тұмаудың асқынуы да өршиді, бұл-заңдылық. Бұдан кейін вирус ешқайда кетпейді. Сырқаттанушылықтың маусымдық артуының себебі бола отырып, адамдар арасындағы циркуляциясы жалғаса береді.

Қысқы айлардағы сырқаттанушылық шегі адамдардың, асқынулар, сондай-ақ созылмалы әсіресе балалардың, жұмыс орындарында, мектептерде бала бақшаларда және қоғамдық көлікте тығыз байланыста және өте белсенді болуымен түсіндіріледі.

Тұмау вирусы ауадағы белсенділігін төрт сағатқа дейін сақтайды. Вирустар төмен температура «жақсы көреді» +4°C-ге жуық температура (тұрмыстық тоназытқыштағы жағдай) оңтайлы болып табылады. Осымен қатар, олардың көбеюіне ыңғайлы температура-бұл адам денесінің температурасы.

Барлық дезинфекциялаушы құралдар тұмау вирусын тез жояды және осы құралдарды қолданып, стандартты ылғалды тазалау-үй жайларды зарарсыздандырудың тиімді тәсілі. Бөлмелерді жиі желдетіп тұруды да ұмытпаған жөн.

Тұмау вирусы адам ағзасының иммунитетін төмендетеді. Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан бастап 2-3 күнге дейін созылады. Тұмаудың жеңіл түрімен ауыру

ұзақтығы-бір апта. Дене қызуының 40 градусқа дейін көтерілуі, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, буынның және бұлшық еттің, бастың және тамақтың ауыруы, жөтелу, мұрынның бітелуі аурудың негізгі белгілері болып табылады. Тұмаудың асқынуларына құлақ, тамақ, мұрын аурулары, жүйке жүйесіне байланысты асқынулар, сондай-ақ созылмалы аурулардың: жүрек-қан-тамыр, өкпе, бронх тарапынан, қант диабеті және эндокриндік жүйенің басқа да аурулардың өршуі жатады.

2 жасқа дейін балаларда, созылмалы аурулары бар және жасы үлкен адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді. Сондай-ақ, ерекше қауіптілік тобына жүкті әйелдер де жатады, ЖРВИ және тұмау жүкті әйелдердің иммунитетін де, жүйесін де, эндокриндік жүйесін де бұзуы мүмкін. Тұмаудың жүкті әйелдерге қауіптілігі түсік тастауы немесе мерзімінен бұрын босанып қалуында. Сонымен қатар, шала туудың жиіленуін көрсететін нақты мәліметтер бар.



емдеу тек дәрігердің тағайындауы бойынша және дәрігердің бақылауымен жүргізілуі керек. Тұмаудың алғашқы белгілері байқалысымен дәрігерді үйге шақыру жөн.

Кез келген ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын алған дұрыс. Дүниежүзілік денсаулық сақсау ұйымы (ДДҰ) сырқаттанушылықты, асқынуларды және өлім-жітім айтарлықтай азайтатын, халықты тұмаудан қорғайтын

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1845
Индексі – 65472.